



**1916 ЖЫЛҒЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС:
ТАРИХИ МАҢЫЗЫ,
ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН
ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ,
ҚҰЖАТТЫҚ ДЕРЕКНАМАСЫ**

ӘОЖ 94(574)(063)

М 90

Жинақты басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакциялық алқа:

Ақыш Н.Б., Алпысбаева Қ.Б., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т.К.,
Әлібекұлы А., Әуесбаева П., Елеуқенов Ш.Р., Ерғалиева Р.Ә.,
Күзембаева С.Ә., Қалижанов У.Қ., Қирабаев С.С., Қорабай С., Қосан С.,
Мұқан А.О., Пірәлиева Г.Ж., Рақыш Ж., Шалғынбай Ж., Исмақова А.С.

Жауапты редакторы: филология ғылымдарының кандидаты
Тоқтар Әлбеков

Жинақты құрастырғандар: филология ғылымдарының кандидаты
Пакизат Әуесбаева, Насихат Мүрсәлімова (жауапты шығарушы)

М 90 «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи маңызы, халық әдебиеті мен өнеріндегі орны, құжаттық дерекнамасы» атты Халық. ғыл.-теор. конф. мат. / Құраст.: П.Әуесбаева, Н.Мүрсәлімова. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2016. – 256 б.

ISBN 978-601-7414-69-6

Жинаққа 2016 жылдың 23 маусымында өткен «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи маңызы, халық әдебиетіндегі орны, құжаттық дерекнамасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары топтастырылды.

Кітап жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, докторанттары (PhD) мен магистранттарына және жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574)(063)

ISBN 978-601-7414-69-6

© ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен дала өңірінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығының шығуы ұлт-азаттық көтерілістің бұрқ ете түсуіне себеп болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс тұсындағы елді жаппай тонау мен соғыс салығы қазақ халқын тұралатып тастаған еді. Оның үстіне қызыстандыру саясатының салдарынан шұрайлы жерлерінен айрылған қазақ халқы бұдан ары қорлауға төзе алмады. Патшаның бұған дейін қол жеткізген астындағы халықтардың жері, тілі, дініне тиіспейміз деген уәдесінің бұзылуы, майданға адам алмаймыз деген уәдесінде тұрмауы – «Уәде – Тәуір сөзі», «Хан қарашасымен» деп түсінетін халық үшін кешірілмес ұран болды. Сондықтан, Орта Азия халықтары бір мезгілде көтеріліп, жаппай атқа қонды.

Бұл жарлыққа деген халық арасындағы көзқарастың өзі біркелкі болған жоқ. Феодалдық басшы топтар және жергілікті әкімшілік жарлықты қолдаса, төңкерісшіл-демократияшыл топ өкілдері: Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов, т.б. қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Сонымен бірге, либеральдық-демократиялық зиялылар тобы: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, т.б. патша үкіметімен келісімпаздық (компромистік) бағыт ұстады. Олардың мақсаты: қазақтарды тыл жұмысына шақырудың қажеттілігін айыптық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту, қарусыз халықты патша жазалауының құрбаны етпеу, ұлттық автономия құру еді. Жарлық шыққан соң ел іші дүрлігіп қоя береді.

Тарихшылардың айтуы бойынша бұл көтеріліс барлық уездерді (Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай) қамтыды. Қазақстанның барлық облыстарын қамтыған үлкен қозғалысты – Жетісу облысында Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, С.Қанаев, Қ.Шорманов, Қ.Құдайберген, Т.Бокин, Б.Әшекеев; Торғай облысында – Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ә.Жангелдин; Ақмола облысында – Ә.Майкөтов; Бөкей даласында – С.Мендешев; Ақтөбе облысында – Б.Алманов; Сырдария облысында – Т.Рысқұлов; Орал облысында – Ә.Әйтиевтер басқарды. Осылардың ішінде әдебиеттен үлкен орын алғандары – Торғай және Жетісу көтерілістері.

Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық көтерілістің сипатын сөз ету үшін бірінші кезекте оның зерттелу тарихын жадымызда ұстағанмыз

абзал. Бұл тұрғыда А.Байтұрсынов, М.Дулатов («Қазағым менің, елі менің» атты мақаласы), Ә.Бөкейханов, С.Аспандияров, М.Тынышбаев тәрізді алаш арыстары қазақтың әскерге баруы жөнінде өз пікірлерін білдірсе, Ә.Бөкейхан тарихшы ғалым, профессор Шестоковпен бірігіп көтерілістің 10 жылдығы қарсаңында «1916-1926» деген кітабын шығарды. Бұл қатар «Тап соғысына қатысқан азаматтары» (Қызылорда – 1927 ж) деген кітаппен, І.Жансүгіровтың жинап, жариялаған әңгімелерімен толықты («Алдаберген Қойшыбекұлының естілігі» деген атпен жарық көрген).

Аталған тақырыпты зерттеуде Ғылым академиясы Қазақ филиалының әдебиет және фольклор секторы 1940 жылы 1916 жылғы көтеріліс туралы «1916 жыл» деген өлең, поэма, әңгімелер жинағын шығарып, Е.С.Ысмайыловтың «1916 жылғы көтеріліс және халық поэзиясы туралы» деген көлемді мақаласы кіріспе сөз ретінде берілді. Ғалым эпикалық жырларды үш топқа бөліп қарастырады. Мұнда алдымен Аманкелдінің ерлік тұлғасы Күдері Жолдыбаев, Омар Шипин, Сәт Есенбаев, Нұрхан Ахметбеков поэмаларында жан-жақты сөз болса, Жетісудағы халық көтерілісінің басшысы Бекболат Әшкеев бейнесі Саяділ Керімбеков, Әбдіғали Сариев, Иса Дәукебаев поэмаларында жан-жақты сомдалған.

Үшінші қатарды майдандағы жігіттердің өмірін бейнелейтін поэмалар толықтырады. Мұнда Біржан Берденовтың «Прием», Қуанышбаевтың «Базаевтың «Қара құйын көтерілісі», Бақтыгерей Науқановтың «Июль жарлығы», Хайролла Өтегеновтің «1916 жыл» поэмалары, Есқайып Баттал ақындардың эпикалық шығармалары аталады. Ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанда ғана емес, Орта Азияның басқа жерлерінде де ерлік аралғаны мәлім. Өзбек шайырлары Фазыл Юлдашевтің «Жызақ көтерілісі», Пулканның «Мардықор», қырғыз Әбілқасым Жөнекеевтің «Босқындар» атты толғау-дастандары сол дәуірдің бейнесін береді [1].

Осы қатарды ХХ ғасырдың басындағы әдебиетті зерттеген Б.Кенжебаев, халық поэзиясын зерттеген Е.Ысмайылов («Ақындар», Н.Төрешұлы, Х.Ишанов, М.Жармұхамедов, М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Дәуітұлы т.б. еңбектері толықтырды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы жазылған шығармаларды қарап шыққанымызда қазақ ақындары шағын лирикаларынан бастап кең құлашты эпикалық дастандарды көптеп жазғандарына көзіміз жетеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі орталығының бірі – Жетісу болса, солардың жетекшісі Қарқара болғаны белгілі. 1916 жылы тамыз

5 жылдан астам көтерілісшілер Қарқара жәрмеңкесінде жазалаушылардың талқандап, басып алды. Осы көтеріліске себеп болған ел ішінің айыбын:

Жер суынды өзі алды
Басынды тұтқан орысың.
Орыстың сөзін сөйледі
Би, старшын, болысың [2, 38]. –

Ел шынайы бейнелеген Асан Барманбекұлы шығармаларынан сол тұстағы өмір шындығы жеткілікті дәрежеде жырланғанын көруге болады.

Ұлт-азаттық көтерілістің әдебиеттегі көркем сипатын сөз еткенде, бірінші кезекте осы оқиғаға жан бітірген халық ақындарының шығармаларын баса айтқан жөн. Олардың қатарында: Жамбыл Жабаев, Әзірбаев, Шипин, Иса Дәукебаев, Үмбетай Кәрібаев, Бөлтірік Атыханұлы, Асан Барманбекұлы, Көдек Байшығанұлы, Әжек Мырзақұлы, Молдахмет Қарашұлы, Иманбек Сәтімбекұлы, Әбен Атамқұлұлы, Әдірақын Қасымбекұлы, Иса Байзақов, Кенен Әзірбаев, Нұрпейіс Байғанин, Е.Кандековтың, К.Сауранбаев тәрізді халық ақындардың есімі атауға негіз бар.

1916 жылғы көтеріліске байланысты туған жырлардың айрықша бір түрі – үндеу, үгіт өлеңдер болса, оны Б.Майлиннің «Қанды патшан», Бұзаубақ ақынның «Құты қашты патшаның», О.Шипиннің «Аманкелдінің айбаты», К.Әзірбаевтың «Аттан», Батталдың «Туар ма екен бізге күн?», «Құбашаның Әбдірахманға хаты», «Әбдірахманның ақсауы», Б.Қожаевтың «Күнді бұлт құрсайды» тәрізді өлең-жырлардан көруге болады. Ақындар үгіттік үлгіде жазылған бұл өлеңдерінде жанашушылардың екі жүзділік әрекеттерін батыл әшкерелеп, халықты ұлт-азаттық көтеріліске шақырып, оларға сәт-сапар тілеп, ел-жұртты бірлікке, ауызбіршілікке шақырды.

XX-XXI ғасырдағы ұлттық поэзияда ұлт-азаттық көтерілісті сөз ету үшін, бірінші кезекте Жамбыл Жабаевтың есімі еске түседі. 1916 жылы бұқара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс болған тұста ақын «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық», «Толғау» атты өлең, толғауларын жазды. Аталған өлеңдерде сол тұстағы билеушілердің ақ патшаның заңына құлдық ұрып, бұқара халықтың қысы-кегін туғызғанын жасыра алмады:

Би, болысты тәңірі атты,
Ел қоғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,

Көз жасына қарамай.

Енді ойласақ: не қалды,

Ата жұрттан кету бар [3], –

деп ел билеушілерге деген елдің наразылығын ашық айта білді. Жайып жерлерден айырылған қазақ бұл тұста елден үдере көшіп Қытай жер ауып жатты. Аталаған өлеңдері үшін біраз күн ақ патшаның қапасында тұтқын да болды.

Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалысты Бекболат Әшекеев пен Нұрғожаев басқарғаны тарихтан мәлім. Сол жасаққа үгітші ақын болып Қордайдан Кенен Әзірбаев қосылады. Ол Әли батыр бастаған қол сарбазы бола жүріп «Аттан!», «Біз жеңеміз!» деген әндер шығарып жігіттерді жігерлі күреске шақырады. Кенен ақын бұл жылдары тағайындай аяқас, шайқастарға қатысады.

Он алтыншы жылғы ел ішінің бүлінуі мен ұлт-азаттық қозғалысы К.Әзірбаевтың «Он алтыншы жыл», «Жыланның жұты, он жетінші жыл» тәрізді шағын лирикалық өлеңдеріне де негіз болған. Алғашқы өлеңі:

Жинады би-болысты Алматыға,

Қаматып сырт жағынан солдатына.

Жалатып қылыш жүзін ант ішкізіп,

Үй басы рабошы алмағына, –

деген жолдар мен кейінгі өлеңдегі:

Артынан жылан келіп жылатты ғой,

Қаңғыртып көпке қайыр сұратты ғой.

Шұбыртып ойға-қырға тентіретіп,

Теректей түбін тескен құлатты ғой [4], –

деген тармақтардан сол тұстағы ел өмірінің шындығын жазбай таңып болады. Он алтыншы жылдардағы ел өмірі оның шағын лирикалары мен эпикалық дастандарының негізгі өзегіне айналды.

Осы бір қасіретті оқиғалардың басы-қасында болып, көзімен көріп К.Әзірбаевтың «Қырғызбай», «Әли батыр» дастандары мен Кенен ақынның «1916 жыл», Е.Кандековтың «Әли батыр», К.Сауранбаевтың «Ұзақ батыр», «Албан көтерілісі» (Бекболат Әшекеевтің үндеу-хат арқылы жазған) атты көлемді дастаны, Бөлтірік ақынның «Ел жар көшкенде» жыры туды.

«Қырғызбай» дастанына Жетісу өңіріндегі Шоқпар, Қордай дастан жерлерде өткен тарихи оқиға арқау болған. Шығарманың негізгі кейіпкерлерінің бәрі де өмірде болған адамдар болғандықтан дастанның нақтылық, тарихылық, деректілік сипаты басым. С

...аға кейінкерлердің бірі Сұлтан болыс та Әлімжан шал мен ...

...Қырғызбай да өмірде болған жандар.

Қырғызбай мекендеген Бөкендіктерден жеті кісіні тұтқындап, Сібірге ...
...Қырғызбайды сол жерде тұтқындап, қол-аяғын ...
...басқаларын ұстап үлгермей қалады. Сытылып шыққан ...
...сол қапқаннан елден безіп, тау-тасты аралап кетеді. Он бес ...
...Сібірге жер аударылған Қырғызбай сол жақта Андрей ...
...танысып, саяси сауатын ашады. Бір бөлмеде жататын ...
...жарам аялдың неше түрлі ұлт өкілдер екендігін ескеретін болсақ, ...
...барының басын қосқан таптық жік еді. Бұлардың барлығы да ұлты ...
...болғанмен тілегі бір болғандықтан тіл табыса білді. Себебі, олардың ...
...да қанаушы таптан қорлық көрген қаналушы тап өкілдері еді.

Ұлт азаттық көтерілістің негізгі ошағы – Жетісу болса, тарихта ...
...Дәукебаевтың авторлығымен белгілі «Бекболат поэмасының» ...
...кейінкері – Үшқоңыр көтерілісінің басшысы Бекболат Әшекеев. ...
...жөлісінде 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығының ...
...қарсына жеткен хабары, оған халықтың қарсы шығып, көтеріліс ...
...бел байлауы, жергілікті ұлықтардың күш көрсетуі, елдің ...
...көтеріліске дайындала бастауы, елге қарулы әскер шығып, көтерілістің ...
...басылуы, көтеріліс басшысы Бекболаттың қолға түсіп, қамалуы, ...
...дарға асуы баяндалған. Көтеріліске қатысушылар шетінен ...
...Қаскелең, Верный түрмелеріне қамалады.

«Үмбетәлі Кәрібаев сол көтерілістің жыршысы болды. Жетісу ...
...аспа үлкен көтерілісті басқарушы Бекболат Әшекеулының ...
...жаны таниды, соның сарбазы, жыршысы болады. Көтеріліс көсемі ...
...Бекболаттың қасында жүрді. Соның нәтижесінде «Иса Дәукебаев» деген ...
...атпен «Бекболат» поэмасын жазған. Поэманы автордың өзіне ...
...мәселесі әлі күнге шешімін таппай отыр. Бекболатты дарға асар ...
...бүкіл халықты жинап апарған ғой. Ұрпақтарының айтуынша, осы ...
...көзімен көрген ақын: «Шіркін, Бекболат! Өлім аузында кірпігін ...
...қасқайып қарап тұрды» деп еске алып отырады екен», – дейді ...
...Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, философия ...
...кандидаты Л.Ә.Асқар [5].

Ал, кеңестік дәуір тұсында Қарқара көтерілісі туралы жазылған ...
...қатарында Нұрақын Қасымбекұлының «Арман- ...
...толғауы, Әкімқожа Садыровтың «Қанды майдан», Мұқатай ...
...Қарқара», Әуелхан Тоңқазевтың «Тағдыр тәлкегі» ...
...поэмаларын атасақ, бұл тақырып еліміз егемендік алған тұста да

ақындардың назарынан түспегенін Еркін Ібітановтың «Қарқара қаһар толғанысы мен «Батыр жайлы балладасы», Мұқатай Жылқайдарұлының «Қарқара», Әуелхан Тоңқаевтың «Тағдыр тәлкегі» (2004), ұлт азаттық көтерілістің 100 жылдық қарсаңында жазылған Сағатбеке Медеубекұлының «Қырдағы қырғындар немесе Аруана айтындары» дастандары растайды.

Мұқатай Жылқайдарұлының (1938-1990) «Қарқара» дастанының үзіндісі 1987 жылы «Коммунизм нұры» газетінде жарияланған болатын. Дастанда Қарқара жәрмеңкесінің ашылу салтанатынан бастап, бәйбіше қыз қуу, балуан күрес, тәрізді ұлттық ойындар нақышына келтіріліп жырланған. Қазақ пен қырғыз халқына ортақ тойға екі елдің бірді қатысқанын қыз қууға қатысты оқиға растайды.

Базардың жайы мүлде бөлек, онда біреулер сауда жасап, енді біреулер ауруына шипа іздеп дәрі-дәрмек іздеп әлек. «Мал мен ақша, жүн мен таспаққа қарап, Қалғандары құйылады жан-жақтан», – деген рас. Бәйгеден бойы озық келген Жаңабайдың Қалмаққарасы ауызға алынғанда атбай Жаңабай мен үстіндегі Кендірбайдың баласы қатар аталуы заңды. Мұндай бәйгеге құлақ естіген жердегі жүйріктердің түгел жететін ескеретін болсақ, дастанның бірінші бөліміне жәрмеңкенің осындай қызық думаны негіз болған. Ал, екінші бөлімінде Мальцев, Сорокин былығына тап боламыз. Саудагер Сүйдінбектің малы Байбөрінің өрісіне таптағаны үшін арызданғанмен, қу саудагер олардың аузын бір қаран ақшасымен тығындап, Байбөрінің өзін абақтыға жаптырады. Қашқардағы атышулы Бегін ұрдың деп тілмаштың өзі Байбөріден бір қараны иеленді.

Кәпірдің өзіне сай тілмашы да,
Басады бұлаң құрық бұрмасына.
Аз күнде отыз-қырық мал жинады,
Емумен екі жақты бір басына [6].

Ал, бастығы Подпороков пристав болып келгелі бір мәселені шешіп емес. Арақ ішіп, күнәға батқан болыстар, екіленген Ақымбай болса да, делдал Ақымбай, бір жылдық азығын бір жәрмеңкеден жинап алатын Қарақолдың приставы Подпороков – бәрі де өмірден алынған, шынында бейнеленген кейіпкерлер.

Жәрмеңкеде патша ағзамның отыз бір мен он тоғыздың арасында жігіттерді қара жұмысқа алатыны туралы жарлығы оқылады. Ақымбай Ақжелке тәрізді болыстарға ойлануға үш сәтке уақыт беріледі. Бірақ жайсыз хабар жетпістен асқан Жәмеңке мен Ұзақ батырларды ұйқысы айырды. Ел басына күн туып, ел ерге қараған тұста қос батыр

ешімге келеді. Оларға жас та болса қырғыз-қазаққа сыйлы жас батыр Арысбай келіп қосылады. Жоспарларын жақсы атанып, ояз бен приставқа қатып қоятын болғандықтан Ақымбай сынды пысықтардан сақтанады. Жәмеңке батыр бастаған жиын тұңғыш рет патшаның «Июнь жарлығына» қарсылық танытады. Қарасай, Тұйық, Қайқы, Ақшоқы, Жалаулы, Айтбай, Қурайлы, Құмтеке, Текес, Мыңжылқы, Ақбейіт, Тамғалытас, Абандыдан күйылған жұрт Қарқараға төгіледі. Жәмеңке мен Ұзақ, Арысбай мен Әубәкір, Ыбырай мен Әміре, Айтбай мен Тұрлықожа бастаған қалың нөпірді көргенде ояз, болыс, урядник, судья, тергеуші, патшаларға тықыр таянады. Тұрлықожа ақпатшаның уәдесінде тұрмай, әр мен өрісті алып, салықты көтергеніне наразылық танытып, оған әсер бермейтіндіктерін білдіреді. Қара жұмысқа адам бермейміз, қолына ару беріп, соғысқа үйретсін, не болмаса бізден адам орнына мал алсын деген қалықтың ұсынысын білдіреді. Патшаға қарсылық танытып, бунт жасап тұрған халықтың қошқарлары Ұзақ пен Жәмеңкенің қолына кісен салып ұстаса, қалғанының бетін қайтару оңай деп шешіп, Қарақолдан әскер алдырады. Әскермен бірге Алматыдан «Бастаған он жеті адам ұтқындалсын» деген бұйрық қоса келеді. Ұзақ батырды үйінен ұстап шығып кетсе, оны арашалап барған Ұзақ пен Әубәкірді абақтыға қоса алуып, сұрақтың астына алады. Одан түк шықпасын білген прокурор мен уәдалар Жәмеңкенің тамағына у қосып өлтіреді. Батырын арулап жөнелте алмағаны қазақ үшін орны толмас өкініш еді. Халық батырының сүйегін ұран ала алмай дал болады. Онда да соңғы сапарға аттандыратын молда әр деген жауаппен Жәмеңкенің мүрдесін қайтармайды. Ұзақ түрмедегі кезінде оққа ұшып, Әубәкір қашып құтылады. Райымбек! Саурық! Батырлардың атын ұрандап, жәрмеңкеге лап қойған халықтың қолында ойыл мен шоқпар, бірен-саран шиті мылтықтан басқа құрал жоқ еді. Түлеметтің алдына келіп баудай қырылған олар жаудан он есе артық болғанмен, мұздай темірмен қаруланғандарға төтеп бере алмай қапияда қалды. Оны ақын былай бейнеледі:

Кең жазықта шашын жайып Қарқара,
Тоқсан тарау бұрым салып арқаға,
Көшкен елдің келініндей боздаса,
Қайқы азынап қоштасады баршаға [6].

Бұл оқиғаға 100 жыл өтсе де күні бүгінге дейін ақындар ол туралы жазып келеді. С.Медеубекұлының сиясы кеппеген «Қырдағы қырғындар немесе Аруана айтындары» атты дастаны осы ойымызды растайды. Автор Аруана атты бүкір кемпірдің айтуы арқылы сол кездегі ел ішіндегі

адам жаны түршігер шындықтарға жан бітірген. Жиырма жеті айтып тұратын дастанда патша орыс-казактарының жергілікті халыққа жасаған қоқан лоққысы шынайы бейнеленген.

Ой да, қыр да, шатқал да қан сасыған,

Қан иісі аңқиды аршасынан.

Қарғыстарды қайталап Хантәңірі,

Ыңырсыған үн шығар әр тасынан [7], –

деп суреттесе, Кеңес үкіметі шекараны сызған кезде арғы бетте қойған Жеткенбайдың елім, Отаным деп келе жатқанда алдынан оған совет әскерінің Укөк аңғарында қырып салғаны, бір көштен жекейуананың аман қалғаны сөз болған.

Сағатбек Медеубекұлының «Қырдағы қырғындар немесе Арнайы айтындары» дастаны – тәуелсіздік тұсында жазылған шығармалар қатарын толықтыратын туынды. Бұл дастанға XX ғасыр басында патшаның ойраны, қызылдар қырғыны, үдере көшкен елдің арғы көрген зобаландары, 1958 жылы қайта бері өткенде бастарынан көп қиыншылықтары, қанмен келген кеңес үкіметінің 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі ыдырауы тәрізді мәселелер негіз болған.

Бұл тұста көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі мемлекеттік басқару жүйесін қалпына келтіруді көздеп өз араларында хан сайлай бастады. Хан сайлау Қазақстанның барлық түкпірлерінде жалғасын тапты. Қыпшақтар Әбдіғаппар Жанбосыновты, арғылар Оспанды хан етіп сайлайды. Бірақ арғын-қыпшақ көтерілісінің басшылары ретінде Әбдіғаппар Жанбосынов сайланады. Осы жөнінде көтеріліс бел ортасында жүрген Байқадам Қаралдының «Торғайлық» дастанының бір бұркеншек атпен 1926 жылы «Ауыл» (№ 277-278) газетінде шығарылған «16-шы жылғы Торғай қазақтарының көтерілісіне 10 жыл толды» деген мақаласында: «Әбдіғаппарды хан сайлап, соның әмірімен жүретіндігіне ант етті, қолдарын қойды. Қоймағандарды зорламады. Әбдіғаппар атанды. Аманкелді сарбаз бастығы – сардар атанды. Болыс-болыс елбегі сайланды», – деген болатын [8]. Мақала авторын тілмаш ретінде Т.Көтібаровтың «қабырғасы қатпаған жас балаларды соғысқа үлкен кесілді бермейміз» деген сөзін «ақсақал балаларының тым жас екендігіне қарамай, оларды соғысқа беруге даяр» деп басқаша тәржімалау үшін патша үкіметі тексеруге алады. Көп ұзамай осы жылдың күзінде А.Жангелдинмен және көтерілістің басқа да мүшелерімен байланыс болғандығы үшін, олардың жоспарларын үкіметтен жасырған үшін айыптайды. Бұл жөнінде 1992 жылы шыққан Жанболат Ау

Әліби Жәкіпұлы «Әулет» атты кітабында: «1916 жылдың 8 желтоқсанында генерал-губернатор Эверсманнның бұйрығымен тұтқынға алынған да, өлім жазасына кесіледі. Осы арада мынадай сұрақтың қызығы бар. Ол, кейін, 14 жылдан соң, яғни 1930 жылдың мамыр айында Кеңестер Одағының заңымен тағы да үкім етілгенде, «25 жылға мінәра Романовтың әулетіне жан-тәнімен қызмет атқарды» деп қаралған байқадам Қаралдин патша өкіметіне қалай, неден жазықты деген сұраққа деген сауал...

Алаймен, оның сол кезеңдегі өміріне қатысты құжаттардың ішіндегі ең маңызды «кітаптары» толық жауап беретін сияқты. Соның біріншісі – «Түркістан полиция департаментіндегі жылдар бойы жинақталған құжаттардың негізіндегі «өз ұлтының адамдарына бүйрегі бұратындығы» туралы екіншісі – «күдікті жан» Николай Степановтың (Әліби Жангелдин патшаның) мұның үйіне 1903-1905-1914 жылдары келіп-кетіп, «саяси мақсаттарда» әңгіме қозғап жүргендігі, ал үшіншісі – 1916 жылғы күзде кезінде Байқадам Қаралдиннің ұлт азаттық көтерілісі жағына қатысты көткендігі дер едік», – деген болатын [9].

Бұл көтерілістегі Амангелдінің негізгі жетістігі – Торғай, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе уездерінің, ішінара Сырдария, Ақмола, Семей губернияларының көтерілісшілерінің басын біріктіре білуі. Сондықтан да 1916 жылы қыркүйекте көтерілісшілер саны – 20 мыңға, ал, 26 қарашада 30 мыңға жеткені тарихи мәліметтерден белгілі. Торғай даласындағы Аманов бастаған көтеріліске басшылық етіп, оның дүниетанымын қалыптастыруға ықпал еткен большевик – Әліби Жангелдин (1884-1953). Оның еңбегі оны көтерілісшілердің рухани көсемі ретінде танытты.

Омар Шипан – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы, көтеріліс жаршысы, Амангелді Имановтың сенімді әрістерінің бірі болғаны тарихтан белгілі. Кейін ақын «Аманкелді батыр» дастанын жазды. Халық ақындарының шығармаларына тән бір ерекшелік – батырларды батырлық жырлардағыдай әсірелей жырлауы. Омар Шипанның аталған шығармасындағы Аманкелді бейнесін танытушы ретінде көруге негіз бар:

Батырдың туғаннан түрі бөлек,

Шүйделі бас, формы дөп-дөңгелек,

Сүйріктей судан шыққан екі қолы,

Буынның саусағында белгісі жоқ.

Тұтасқан екі қастың аралығы,

Бесіктей бұлшық еті, жұмыр білек.

Ақын дастанында батырлар жырындағы батырдың тұлпары қатысты мотивті де пайдаланған. Отқа салса жанбайтын, суға са батпайтын батырлардың жан серігі – олардың тұлпары болса, оны бы суреттейді:

Аманкелді арыстан,
Айқасқа атын ертетті.
От орнындай тұяғы,
Нар түйедей ат еді.
Сымбатты, сұлу, көрнекті,
Нар кескен алмас қолға алып,
Таңдап мінді астына,
Топтан озған жүйрікті [10].

Омар, Сәт, Сүлеймен, Күдері, Досмұқан, Орынбай сияқты Аманкелді сарбаздарының қатарында болып, оқиғаларды өз көзімен көрген ақын Аманкелді Иманов бастаған Торғай көтерілісі туралы сан алуан жазба дастандар шығарды. Омар Шипиннің «Аманкелді», Сәт Есенбаевтың «Аманкелді», Нұрхан Ахметбековтың «Аманкелді дастаны», «Жасау қырғыны», Нұрпейіс Байғаниннің «Аманкелді батырым», Файзолла Сатыбалдыұлының «Әбдіғар хан» дастандары мен Аманкелді Имановтың немере інісі Бақыт Имановтың «Аманкелді» романында жазба толықты. Бұл туындылар көтерілістің ұйымдастырушылары Аманкелді Иманов, Әліби Жангелдин есімдері Оспан Шолақұлы мен Әбдіғар Жанбосынұлы, Кейкі Көкембайұлы сияқты батырлар бейнелерін тарих беттерін толықтыруға қызмет етеді. Кейкі батыр бейнесін Ф. Мүсіреповтің «Аманкелді» пьесасында, Ақан (Аян) Нұрмановтың «Құланның ажалы», Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қиялы», Қоғабай Сәрсекеевтің «Заманақыр» (1979-1990) романдарында Торғай көтерілісі жан-жақты суреттелді. Кейінгі жылдары бұл қатар С.Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» дастаны мен қазақтың тұңғыш кинотуындысы «Аманкелді» фильмі толықтырды.

Бұл тақырыпта Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгір, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Ізтөлин т.б. ақын жазушылар әртүрлі жанрдағы шығармаларды дүниеге әкелді. Қазақ әдебиетіндегі драмалық шығармаларды Ж.Аймауытовтың «Қанай – Шәрбану», Б.Майлиннің «Жалбыр», Ф.Мүсіреповтің «Аманкелді» пьесаларынан бастап сөз етуге негіз бар. Ж.Аймауытовтың «Қанай – Шәрбану» атты төрт перделі драмасы Ұмсынайдың: «Көріңде өкір Мекалай, көрмегенді көрсеттің ғой. Ноғайлар солдатқа барады деп ест

«Құлақ естігенді көз көреді» деген осы. Қазақтан солдат алмайды ешкіні қайда? Қане, алмағаны?», – деген күрсінісімен басталған [11]. Осыған 1916 жылғы маусым жарлығынан кейінгі тұстағы ел ішіндегі ауыл арқау болған. Момын қарашаруа Исатай майданға баласын жібермеу үшін бар малын сатып Сазанбайдың қолына салып, жетпеген жеріне 18 жастағы қызы Шәрбануды бермек болады. Бірақ Ынтықбайдың орнына бергелі отырған жігіт ақтармен шабыста оққа ұшып Ынтықбайдың қолы кетеді. Баласын әскерге жіберіп қан жұтып отырған Ұмсынайдың баласынан байдың шабармандары шырылдатып қызын тағы тартып алып кетеді. Қос қарлығашының жамын ойлаған Исатай осылайша екеуінен де бір сәтте айрылып сазға отырады.

Сонымен бірге бұл көтеріліс қазақ прозасынан да үлкен орын алды. М.Аймауытов «Қартқожасынан» (1926) басталған прозалық шығармалар үшін бүгінге дейін жалғасын тауып жатқанын баса айтқанымыз жөн. Бұл шығармада майданға окоп қазуға баратындарды қозыдай көгендеп өлген спесікті тартып алып өртейміз деп жүрген жігіттер ойларын іске асыра алмай, қапыда қалса, С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» (1927) романындағы «бейбіт түрде өз елінен қайтып келе жатқан Сәкендердің романындағы алғашқы кедергі – олардың орыс поселкесінде ұсталуы» еді. Осылайша 1916 жылғы маусым жарлығы туғызған дүрбелеңдер мен күрді қақтығыстар қазақ даласына кеңінен жайылып кете барды.

Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың ішіндегі шоқтығы биігі М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі. 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Қилы заманға» «феодал-ұлтшыл жазған кітап, советтік партия оңин айналдырған, жоқтан бар жасалған» деп айып тағылып, жаралуына тыйым салынғанда оны қайта жарыққа шығарған Ә.Шәріпов есімі ерекше атауымыз керек. Осы шығарманың қайта басылымы жөнінде автор: «Пантиелев «Новый мирде» шықты деп сүйінші сұрап телефон арқанда, несін жасырайын, қуанғаннан көзімнен жас ыршып кетті. Ал, «Тихая година» делініп кітап болып, қолыма тигенде кабинетімді ішінен алып, балаша еңкілдедім», – деген болатын [12].

І.Жансүгіровтың Алдаберген Қойшыбекұлынан жазып алған «Қарқара қырғыны» әңгімесі (1991 жылы «Қарқара айбаты» атты кітапта жарияланған) мен «Жолдастар» романы мен Б.Майлиннің «Жемірдің ертегісі» (1927), осы қатарды толықтыратын туындылар. 1916 жылғы патша жарлығының әсерімен майдандағы қара жұмысқа алынған Мардан мен майданнан қайтқан жігіттердің азаттық, еркіндік туралы көзқарастары қалыптаса бастаса, М.Дәулетбаевтың

«Қызылжар» романындағы қазақ жігіттерінің 1916 жылғы жарлым майданның қара жұмысына алынып, майдан ортасына түсуі, майдан жараксыз майданның қара жұмысына жегілуі (окоп қазу, жүк тасу), патша офицерлерінің бұратана халыққа тізесін батырып қоршауына бейнеленді.

1916 жылдың 25 маусымдағы майдан жұмысына жігіт алу туындаған қым-қиғаш оқиғалар С.Мұқановтың «Жұмбақ жаман» романына, Ғ.Слановтың 1916-1919 жылдар аралығын қамтитын «Ақасқан» романдарына негіз болса, Ә.Әбішевтің «Найзағай» романында қазақтың белгілі әнші-композиторы Мәди мен Иманның ел билеушілері деген жеке басының кегі 1916 жылғы майданның қара жұмысына қазақ адам алуға арналған науқан кезіндегі халықтық көтеріліске ұласады.

Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген» романында (1963) 1916 жыл оқиғасы шет-жағалап айтылып, денсаулығы нашар Қыли Әбен бір ат, бұзаулы сиырға жалданып, Қали Жакин болып біреудің ордасына майданға кетсе, М.Қаратевтың құжаттарға негізделген «Дала дабыл» публицистикалық романы (1962) да осы қатарды толықтыратуында. Ал, Б.Қыдырбекұлының «Алатау» романының бас кейіпкері – Шұнақ шалдың жастық өмірін Жаубай байдың босағасы өткізгені, құлақ кесті құл болғаны арқылы, революцияшыл ой-пікір адамдармен танысқан Абақтың сана-сезімінің оянуы заман талабына туындап еді.

Осы қатар ұлттық әдебиетте бүгінгі таңда жаңа қырынан толығуына Б.Нұржекеұлының «Күтумен кешкен ғұмыр» повесіндегі Әтіке басы өткен тағдыр тауқыметінің артында ұлт-азаттық көтерілістің тұрғын анық. Жазушы Айсары болыстың аузына: «Біз атқа мініп ақ патшаның қарсы шықтық, келіп қатарымызға қосылсын. Өлсек, бірге өлеріміз, өнеріміз ер-азаматтардың рухын көтерсін! Оның орайы келмесе жерінде қол жиып, ол да қарсылық ұйымдастырсын! Ақ патшаның тағынан түсіре алмаспыз, бірақ халық екенімізді қаһарымыздан селдігімізбен санассын. Мен басымды осы жолға тіктім», – деген сөзін тегін салып отырған жоқ. Келтірілген кейіпкер сөзі – көтерілістің бірлі-жарымды болыстардың қарсы болғанымен, олардың көпшілігі қолдағанын танытатын көркем деталь. Көтерілістің басшылары ел сөзін сөйлеген, ел басқарған болыстар болғанын ескеретін болсақ, олардың таптық көзқарасты іздеудің қисынсыз екенін байқаймыз.

Осы көтеріліс жөніндегі жазушының ұзақ жылдарғы тынымсыз еңбегі «Әй, дүние-ай!» деген атпен қолымызға тиді. Роман оқиғасы Қар

арықкесінісі басталады. Жеңгесі Жүзік пен Шәйінің жәрмеңке аралап жүргеннен басталған оқиғадан ә, дегенде ойын-сауық қызығы мен қыз баланың жігіттердің қылығы менмұндалайды. Осы ойын-сауық бір күнге сап тыйылып, ел іші қуғын-сүргінге тап болады. Бұл патшаның қарлығына қарсылық танытқан қазақ ауылының басынан өткерген қазаны еді.

Озон қазуға алу жөніндегі: – Барсаң, орыс деп неміс қырады; бармасаң, «бармадын» деп орыс қырады деші [13], – деген кейіпкер сөзі арқылы барса да Қорқыттың көрі екенінен хабар береді. Жазушы көпке кеңірек шашудан аулақ. Мәселен, Қазақтарға қосылған Сопыйа осының қарғын мысалы. Тазабек пен Шәйі арасындағы махаббаттан басталған қазанының негізгі орталық кейіпкерлері де осы отбасы мүшелері. Жазушы негізгі оқиғаны бір отбасы төңірегінде өрбітуді жөн санаған. Қазанда ақ патша әскерінің қолдарына ақ жалау ұстап шыққан қарусыз қанжыты қырып салғаны, аяғы ауыр келіншектердің қарнын жарып кеткені, жазықсыз жандарды қылышпен кескілегені, зорланған қарын, қорланған қарындас, қайранға батқан бала, қалмаққа қор болған келіншек, қуғыншыдан қаша жүріп әйелі мен баласынан айрылған қарғыз жігіті Табай, Сопыйаны алғаны үшін орыстар Қожақты ағашқа іріктіріп, көтін аузына тістетіп кетуі тәрізді оқиғалар нақты кейіпкерлер арқылы негізінде шынайы суреттелген.

Көріп отырғанымыздай, көтеріліске қатысушылардың да, ол туралы шығармалардың да жолы жеңіл болған жоқ. Көтерілісшілермен бірге олар туралы көркем дүниелердің өзі саясатқа бағындырылып, қилы оқиғаларды басынан өткерді. Бұл көтеріліс туралы әңгімелер жыл өткен сайын қайта қозғалып, жаңа жинақтардың шығып жатқаны айтады. Олардың қатарында 1996 жылы «Рауан» баспасынан «1916 жыл. Әңгімелер, өлеңдер, дастандар», 2005 жылы М.Мырзағалиұлы құрастырған «1916-1917 ж. Торғай қазақтарының көтерілісі» (2005), 100 жылдық қарсаңында үстіміздегі жылы Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Албандар көтерілісіне қатысты материалдар, тың деректер, өлеңдер мен поэмалар 7 том болып шыққалы отыр. Оны құрастыруға да Т.Әлібекұлы бастаған М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері атсалысып жатқанын баса айтқанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Е.С.Ысмайылов. 1916 жылғы көтеріліс және халық поэзиясы туралы. Кіт.: 1916 жыл. Өлең, поэма, әңгімелер жинағы. – Алматы, 1940.
- 2 Барманбекұлы А. Заманның түрін естіңіз. Құраст.: Қаупынбайұлы Қожекеева Б. – Алматы: Дарын, 2006. – 178 б.
- 3 Жамбыл Жабаев. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1996.
- 4 Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар: Бірінші том. /Құраст.: Төреқұлов Н, Әзірбаев Б. – Алматы: Жазушы, 1984. –360 б.
- 5 Асқар Л.Ә. Қазақ жырының кара жорғасы (Ақын Үмбетәлі Кәрібаевтің туғанына 125 жыл) // Қазақ үні. – 08 қазан, 2014.
- 6 Мұқатай Жылқайдарұлы М. Қарқара. Кіт.: Албан көтерілісі. Мұрағат құжаттары, тың деректер, өлеңдер, поэмалар. 7 томдық. 1 том. – Алматы, 2016.
- 7 Медеубекұлы С. Қырдағы қырғындар немесе Аруана айтындары. Албан көтерілісі. Мұрағат құжаттары, тың деректер, өлеңдер, поэмалар. 7 томдық. 1 том. – Алматы, 2016.
- 8 Торғайлық. 16-шы жылғы Торғай қазақтарының көтерілісіне 100 жыл толды // Ауыл. – 1926. – №277, 278.
- 9 Аупбаев Ж., Жақыпұлы Ә. Әулет. – Алматы, 1992.
- 10 Шипин О. Аманкелді батыр. – Алматы, 1942.
- 11 Жүсіпбек Аймауытов. Шернияз (пьесалар жинағы). – Алматы: Өлең, 1990.
- 12 Шәріпов Ә. Көргенім көңілге түйгенім. – Алматы: Дәуір, 2012.
- 13 Нұржекеұлы Б. «Әй, дүние-ай!» // Жұлдыз. – 2015. – №6. – 3-75 №7. – 72-140 б.

МАЗМУНЫ

ПЛЕНАРЛЫК МӘЖІЛІС

<i>Қалижанов У.Қ.</i> Зар-заманнан – заңғар заманға.....	1
<i>Әбжанов Х.М.</i> 1916 жылғы көтеріліс ХХ ғ. 20-30 жылдарғы тарихнамада.....	9
<i>Орда Г.Ж.</i> Ұлт-азаттық көтерілістің әдебиеттегі көркемдік сипаты.....	31
<i>Смағұлова С.Ә.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысын зерттеудегі қадамдар.....	33
<i>Пірәлі Г.Ж.</i> «М.Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі психологиялық портреттер.....	40
<i>Ксенжик Г.Н.</i> Семиреченское восстание 1916 г. в картографических источниках и документах.....	53
<i>Ақыш Н.Б.</i> Азаттықтың жыршысы.....	68

I Секция

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ, ТАРИХИ МАҢЫЗЫ, ҚҰЖАТТЫҚ ДЕРЕКНАМАСЫ

<i>Жүгенбаева Г.С.</i> 1916 жылғы көтеріліс: куәгерлер естеліктері тарихи дерек ретінде.....	73
<i>Нұрымбетова Г.</i> 1916 жыл Ораз Жандосов тағдырында.....	84
<i>Сайфулмаликова С.С.</i> Орталық Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс: тарихи-фактологиялық аспектілері.....	89
<i>Толенова З.М.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің аймақтық ерекшеліктері (Шу-Ыстықкөл ошағы мысалында).....	99
<i>Қоңыратбаев О.М.</i> 1916 жылғы Меркі көтерілісінің кейбір мәселелері.....	113
<i>Оразов Р.Е.</i> Ұзақ Саурықұлының Қарқара көтерілісіндегі орны мен рөлі.....	116
<i>Тайтелиев Ч.</i> 1916-жылдағы «Улуу үркүн» жана анын «Эл ағартуу» журналының беттерінде чағылдырылышы.....	129
<i>Исахметұлы Ж., Даутбаев М.А., Әулиеата уезіндегі 1916 жылғы көтеріліс.....</i>	134
<i>Бейшеева Н.Д.</i> 1916-жылдардағы қырғыздардың жашоо шарты.....	141